

2022-2023 оқу жылына арналған сынып жетекшілері әдістемелік бірлестігі отырысының жоспары

Әдістемелік тақырыбы:

«Білім беру мен тәрбие үдерісінде инновациялық технологияларды ұштастыру арқылы мұғалім құзыреттілігін дамыту»

Әдістемелік мақсаты:

Тәрбие үдерісіне жаңашыл бағытты енгізу арқылы, оқушы бойына патриотизмді, азаматтық сананы, жоғары мәдениеттілікті қалыптастыра отырып, салауатты өмір салтына тәрбиелеу

Міндеттері:

1. Әрбір оқушының тұлғалық дамуына байланысты оның қабілеттеріне, мүдделеріне, мүмкіндіктеріне, сондай-ақ қоғамның қажеттіліктеріне қарай оңтайлы жағдай жасау.
2. Сыныптан тыс жұмысқа көптілділік пен ата-аналармен ынтымақтастықтың әртүрлі жұмыс түрлері мен оқушылардың өзін өзі басқаруын дамыту.
3. «Мәңгілік Ел» бағдарламасын іске асыру арқылы ұлттық мәдени тұлғаны дамыту.
4. Балалардың денсаулығын нығайту тәсілдерін, десаулық сақтау технологиялары мен әдіст-тәсілдерін тәрбие үдерісінде қолдану.
5. Әлеуметтік рөлдерді толығымен орындауға қабілетті жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру.
6. Тәрбие үдерісінде тәрбие сағаттары мен сыныптан тыс іс-шараларды өткізуде АКТ қолдануды жетілдіру.
7. Сынып жетекшілерінің педагогикалық шеберлігін жетілдіру.

Әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттары:

1. Тәрбие жұмысы мен психология бойынша мәселелер бойынша сынып жетекшілерінің теориялық, әдістемелік деңгейін көтеру.
2. Сынып жетекшілерінің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық базасы жайлы ақпараттандыру.
3. Үздік педагогикалық тәжірибені жинақтау, жүйелеу және тарату.
4. Сынып жетекшілерінің заманауи тәрбие беру технологияларымен, формалары мен жұмыс әдіс-тәсілдерімен қамтамасыздандыру.

Мектепшілік сынып жетекшілер ӘБ әдістемелік отырысының жылдық жоспары

№	Жұмыс мазмұны	Аяқтау нысаны	Жауапты адам	Орындау мерзімі
Ұйымдастыру жұмыстары				
1	1. Өзара тәжірибе алмасу бағытында сынып сағаттарына қатысу 2. Күнделікті сабақ жоспарларының жазылу барысын бекіту 3. Білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасының орындалуын жүзеге асыру 4. Сынып сағаттары, сыныптан тыс кештер мен ертеңгіліктердің өтілуіне талдау жасау 5. Бірлестік мүшелерінің өзекті тақырыптарына қорытынды жасай отырып, инновациялық жұмыстарға жетелеу 6. Әр сынып жетекшілерінің сынып сағаттарында жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді қолдану 7. Сынып жетекшілерінің сынып сағаттарында көрнекі құралдарды тиімді пайдалануын қадағалау 8. Оқушылардың үйірмелерге, пәндік апталықтарға көбірек қатысуын қамтамасыз ету 9. Бірлестік отырысында сынып жетекшілерінің есебін, тәжірибесін тарату, шығармашылығының есебін тыңдау, бағалау, насихаттау. Арнайы бет, буклет, плакаттар шығару. 10. Әр тоқсан соңында сынып жетекшілердің атқарған жұмыстары туралы есебін тыңдау. 11. Ай сайын бірлестік отырысын өткізу		ДТЖО	Үнемі Үнемі Үнемі Әр тоқсан сайын Жыл бойы Жыл бойы Үнемі Уақытында Жыл бойы Үнемі Үнемі Айына 1 рет Үнемі Үнемі Тоқсан сайын

	12. Сынып жетекшілерінің білімін жетілдіру мен көтеруде курстар мен семинарларға қатысу			Тоқсан сайын
Тамыз				
Тақырыбы: «Тәрбие жоспары – сынып жетекшісінің шығармашылық зертханасы»				
2	ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Жалпы білім беретін мектептерде ғылым негіздерін оқытуды ұйымдастыру туралы» нұсқау хатына сәйкес 2022-2023 оқу жылына арналған күнтізбелік жоспарларды мен сынып жетекшілердің тәрбие жоспарын жасау, бірлестіктерде талқылау, бекіту.	Сынып жетекші ӘБ отырысы	ДТЖО	тамыз
Қыркүйек				
Тақырыбы: «Білім мекемесіндегі өмір қауіпсіздігі»				
3	Әдістемелік жұмыстың жоспарын бекіту. с/ж әдістемелік бірлестігінің жұмыс жоспарын бекіту	Жадынамалар тарату	ДТЖО	қыркүйек
	Бірлестік жекшінің жұмысы		Тәрбие жұмысының орынбасары Бірлестік жетекшілері	
	Жобалардың жұмысын ұйымдастыру (отбасы клубы,дебат клубы мен оқуға құштар)		ДТЖО, ДТЖО	
Қазан				
Тақырыбы: «Сынып жетекшісінің тәрбиелік қызметі»				
4	Техника қауіпсіздігі ережелерін сақтау жұмыстарын тексеру	Сынып жетекші ӘБ отырысы	ДТЮ	Қазан
	Сынып жетекшілерінің жұмысы және лауазымдық нұсқаулықтары		Әдістемелік бірлестік жетекшісі,	
	Сынып жетекшілердің өзара сабаққа қатысу дәптерлерін тексеру		ДТЖО Сын бір жет	
Қараша				
	Сынып жетекшілердің құжаттары стандартқа сай орындалуы		Әдістеме бірлестік жетекшісі	Сынып жетекшілер ӘБ отырысы №2
	Діни-экстеримизм мен терроризмнің алдын алу жолдары		Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектеп тәлімгері	
	Зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша жүргізілетін жұмыстар		ДТЖО, психолог	

Желтоқсан				
Тақырыбы: «Кәметке толмағандар құқық бұзушылығының алдын алу»				
5	Кәсіптік бағдар беру жұмысының жүргізілуі жағдайы	Сынып жетекші ӘБ отырысы	ДТЖО Сынып жетекшілер психолог	желтоқсан
Қаңтар				
Тақырыбы: «Тәрбие қызметін сапалы жетілдіру»				
6	Сынып жетекшілердің өзара сабаққа қатысуы	Сынып жетекшілермен байланыс	ДТЖО Сынып жетекшілер	қаңтар
	Тәлімгерлердің жас мамандармен жұмысы		психолог	
	«Жас ұлан» ұйымы жұмысының жүргізілуі		Бірлестік жетекшісі тәлімгері	
Ақпан				
	Кәсіптік бағдар беру жұмысының жүргізілуі жағдайы		Бірлестік жетекшісі, психолог	
Наурыз				
Тақырыбы: «Бала тұлғасының дамуы және оның тәрбиесі»				
	Үйірме жұмысы арқылы оқушылардың танымдық қызығушылықтарын дамыту мақсатында жүргізіліп отырған жұмыстар		ДТЖО	
	Тәрбие жұмысының жүргізілуі туралы		ДТЖО	
Сәуір				
Тақырыбы: «Тәрбие үрдісін жүйелі талдау оны оңтайландырудың шарты ретінде»				
8	Жас мамандар апталығы «Білікті жас ұстаз» сайысы 1. Жас мұғалімнің оқыған әдістемелік, педагогикалық әдебиеттерін талдау. Жас мамандардың сапалы білім беруінің мониторингін жасау Өзара сабаққа қатысу дәптерін тексеру. Сабақтарына қатысу	Сынып жетекшілермен байланыс жасау	Бірлестік жетекшісі, Оқу-тәрбие жұмысының орынбасарлары	Сәуір
	«Шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдердің педагогикалық ізденістерінің бір қыры»		Бірлестік жетекшісі, Тәрбие ісінің менгерушісі	
	Кәсіптік бағдар беру жұмысының жүргізілуі жағдайы		Бірлестік жетекшісі, психолог	
Мамыр				
Тақырыбы: «Оқушылардың жазғы еңбек қызметі мен жазғы демалысын ұйымдастыру»				

9	Сынып портфолиосының жүргізілуі	Сынып жетекшілер ӘБ отырысы	ДТЖО Психолог Сынып жетекшілер	мамыр
	Оқушылардың сыртқы келбеті мен мектеп формасының жағдайы		ДТЖО Сынып жетекшілер	
	Жазғы демалыс лагеріндегі оқушылардың өмір қауіпсіздігі		Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектеп тәлімгері	

Мектепшілік сынып жетекшілер ӘБ әдістемелік отырысы

Хаттама №1

25.08.22ж

Күн тәртібінде:

- 1 ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Жалпы білім беретін мектептерде ғылым негіздерін оқытуды ұйымдастыру туралы» нұсқау хатына сәйкес 2022-2023 оқу жылына арналған күнтізбелік жоспарларды мен сынып жетекшілердің тәрбие жоспарын жасау, бірлестіктерде талқылау, бекіту.
- 2.Әдістемелік жұмыстың жоспарын бекіту. с/ж әдістемелік бірлестігінің жұмыс жоспарын бекіту
- 3.Бірлестік жетекшінің жұмысы
- 4.Жобалардың жұмысын ұйымдастыру (отбасы клубы,дебат клубы мен оқуға құштар)

Тыңдалды.

Күн тәртібінің 1 мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Кенжесова«1 ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Жалпы білім беретін мектептерде ғылым негіздерін оқытуды ұйымдастыру туралы» нұсқау хатына сәйкес 2022-2023 оқу жылына арналған күнтізбелік жоспарларды мен сынып жетекшілердің тәрбие жоспарын жасау, бірлестіктерде талқылау, бекіту.

2 мәселе бойынша тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Кенжесова оқу жылындағы сынып жетекшілердің атқарған жұмыстарын қорытындылады.. «Әдістемелік жұмыстың жоспарын бекіту. с/ж әдістемелік бірлестігінің жұмыс жоспарын бекіту»

3 мәселе бойынша «Бірлестік жетекшінің жұмысы» сыныптың 8 бағыт бойынша 34 сағатқа жоспарланған тәрбие сағаттарының тақырыптары талқыланып, түзетулер енгізілді. 2022-2023 оқу жылындағы аталып өтетін мерейтойлармен таныстырылып, жылдық жоспарға кірістірулері айтылды.

4 мәселе бойынша «Жобалардың жұмысын ұйымдастыру (отбасы клубы,дебат клубы мен оқуға құштар)

Сынып жетекшілердің сынып жиналыстарын , журналда толтырылатыны, сонымен қатар құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысын бақылау комиссиясы құрылған, бекітілген жұмыс жоспарымен таныстырды. Әр сыныптың тәрбие жағдайы мен оқушылардың ата-аналармен, психологпен жүргізілетін жұмыстар сынып жетекшісіне жүктелетінін айтты.

Қоғамдық ұйымдардың «Жас Ұлан» , «Жас Сарбаз» өткен жылдағы жұмыстарының жұмыс барысы айтылып биылғы оқу жылының жылдық жұмыс жоспары бекітілді.

Сөйлеушілер:

Сынып жетекешілер отырысының шешімі жасалып, ұсыныстар берілді.

Шешім:

1. ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Жалпы білім беретін мектептерде ғылым негіздерін оқытуды ұйымдастыру туралы» нұсқау хатына сәйкес 2022-2023 оқу жылына арналған күнтізбелік жоспарларды мен сынып жетекшілердің тәрбие жоспарын жасау, бірлестіктерде талқылап, бекітілсін.
2. «Әдістемелік жұмыстың жоспарын бекіту. с/ж әдістемелік бірлестігінің жұмыс жоспары бекітілсін
3. Бірлестік жетекшінің жұмысы бекітілсін
4. Жобалардың жұмысы ұйымдастырылсын (отбасы клубы, дебат клубы мен оқуға құштар)

Мектепшілік сынып жетекшілер ӘБ әдістемелік отырысы

Хаттама №2 7.10.22ж

Күн тәртібінде:

1. Сынып жетекшілерінің жұмысы және лауазымдық нұсқаулықтары
2. Техника қауіпсіздігі ережелерін сақтау жұмыстарын тексеру
3. Сынып жетекшілердің өзара сабаққа қатысу дәптерлерін тексеру

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Кенжесова сынып жетекшілермен «Сынып жетекшілерінің жұмысы және лауазымдық нұсқаулықтары» тақырыбында коучинг ұйымдастырды. Сынып жетекшілер өз ойларымен бөлісті.

2 мәселе бойынша Техника қауіпсіздігі ережелерін сақтау жұмыстарын тексеру. Дене шынықтыру, үйірме сабақтары бойынша техника қауіпсіздігі ережелерін сақтау жұмыстарын тексеру керек екендігі жайлы сөз қозғады. Бейнет аяқ асты болып қалмау үшін атап өткен сабақтарда, үйірмелерде көңіл бөлінуі керек

3 мәселе бойынша өзара сабаққа қатысу туралы сөз қозғалды. Яғни, мектеп ошағында, білім саласында блалармен жұмыс жасап, қарым қатынаста болғандықтан ұстазға үздіксіз тәжірибе жинақтау ауадай қажет. Бұл процесс әр оқу жылында қайталанып отырады. Оның берер пайдасы баршылық. Саған біреу ,сен біреуге жоғын таптырғандай сезінуде боласың.С/ж жұманың бір күнін осындай ізденіс жұмысына арнауы керек.Сондықтан да осы мәселеге жауапкершілік танытуымыз керек.

Сөйлеушілер:

Күн тәртібіндегі мәселелермен танысып өттік.Жыл басынан бастап өткізіліп жатқан іс-шараларға қатысып көріп жүрміз.

Шешім:

1. «Сынып жетекшілерінің жұмысы және лауазымдық нұсқаулықтары орындалсын.
2. Техника қауіпсіздігі ережелерін сақтау жұмыстарын тексеріліп, дене шынықтыру, үйірме сабақтары бойынша техника қауіпсіздігі ережелерін сақталсын.
3. Өзара сабаққа қатысу жылдағыдай жалғасын тапсын.

Мектепшілік сынып жетекшілер ӘБ әдістемелік отырысы

Хаттама №3 11.01.23ж

Күн тәртібінде:

1. Сынып жетекшілердің өзара сабаққа қатысуы.
2. Тәлімгерлердің жас мамандармен жұмысы.
3. «Жас ұлан» ұйымы жұмысының жүргізілуі.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Кенжесова сынып жетекшілермен «Сынып жетекшілерінің өзара сабаққа қатысуы» маңызды мәселе бойынша сөз алды. Сынып жетекші тәрбие жұмысын ұйымдастыру саласында тиісті теориялық және практикалық білімді және оқыту дағдылары менгеріп, жоғары өнегелілі қасиеттерге ие бола, білім алушыларды жігерлендіріп, оларға қолдау көрсетіп және биік адами мұраттарға бағыттайды. Сондықтанда ұстаз бір өзінің жеке басының жұмысымен айналысып қана қоймай, ұжымдастарының жұмыс барысымен де тікелей қатынаста болуы керек. Ол дегеніміз өзара пікір, тәжірибе алмасып жан-жақты дамып отыруы тиіс. Сыныбының сабақтарына қатысып, сыныбымен демалысы бір болған ұстаз нағыз сынып жетекші. Тоқсан сайын дәптеріне сұрыптаулар жүргізіп, тың серпілістер жасап отыруға тиісті.

2 мәселе бойынша «Тәлімгерлердің жас мамандармен жұмысы» жайы мектеп психологы Қаирбай Ф.Ж- кызы сөз алды. Мектепте әдістемелік жұмысты ұйымдастыруда еңбек жолын жаңа бастаған, іс-тәжірибесі аз педагогтарды қолдау мақсатында бағытталған қызметерекше маңыздылық атқарады. 2022-23 оқу жылында жас мамандардың шығармашылық қабілеттерін ашу және кәсіби деңгейін көтеру мақсатында жас мамандар мен озық тәжірибелі мұғалімдердің байланысын бекіту, жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету үшін тәлімгер бекітілді.

3 мәселе «Жас ұлан» ұйымы жұмысының жүргізілуі бойынша аға тәлімгер Жұмағұлова А сөз алды. қоғамдық өзгеріске бейімделген, әлеуметтік жеке тұлғаны қалыптастыру, қоғамдағы бірлестіктің ғылыми- әдістемелік қызметін жандандыру. «Жас ұлан» ұйымының жұмыстарын жүзеге асыру барысында ерекше жеке жетістіктері үшін оқушылар мадақталды.

Сөйлеушілер:

Күн тәртібіндегі мәселелермен танысып өттік. Жыл басынан бастап өткізіліп жатқан іс-шараларға қатысып көріп жүрміз.

Шешім:

1. «Сынып жетекшілерінің өзара сабаққа қатысу нұсқаулықтары орындалсын.
2. Тәлімгердің жас маманмен жұмысы тыңғылықты, нәтижелі болсын.
3. «Жас ұлан» ұйымы жұмысы жандансын.

Мектепшілік сынып жетекшілер ӘБ әдістемелік отырысы

Хаттама №4 8.02.23ж

Күн тәртібінде:

1. Кәсіптік бағдар беру жұмысының жүргізілу жағдайы.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Кенжесова және мектеп психологы Қаирбай Ф.Ж- кызы сөз алды.

Білім министрлігіне жолдаған журналистік сауалда мектептерде кәсіптік бағдарлау қалай ұйымдастырылатынын сұрадық. Министрлік мәліметінше, мектеп психологы оқушылардың жеке қасиеттері мен мүдделерін зерделеп, еімділіктерді. Қабілеттерді жәнекәсіби ерекшеліктерін анықтап, сұранысқа ие мамандықтарды таныстырып, әсіби тұрғыдан өзін-өзі анықтауға көмектеседі.

Республика бойынша оқушыларға кәсіптік бағдар беру жұмысын Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы уйлестіреді. Олар балаларды ерте жастан мамандық таңдау бағытында бірқатар зерттеулер жүргізіп жатыр.

Сөйлеушілер:

Күн тәртібіндегі мәселелермен танысып өттік. Жыл басынан бастап өткізіліп жатқан іс-шараларға қатысып көріп жүрміз.

Шешім:

1. «Сынып жетекшілерінің жұмысы және лауазымдық нұсқаулықтары орындалсын.
2. Техника қауіпсіздігі ережелерін сақтау жұмыстарын тексеріліп, дене шынықтыру, үйірме сабақтары бойынша техника қауіпсіздігі ережелерін сақталсын.
3. Өзара сабаққа қатысу жылдағыдай жалғасын тапсын.

Мектепшілік сынып жетекшілер ӘБ әдістемелік отырысы

Хаттама №5 10.04.23ж

Күн тәртібінде:

1. Жас мамандар апталығы «Білікті жас ұстаз» сайысы

Жас мұғалімнің оқыған әдістемелік, педагогикалық әдебиеттерін талдау.

Жас мамандардың сапалы білім беруінің мониторингін жасау

Өзара сабаққа қатысу дәптерін тексеру.

Сабақтарына қатысу

2. «Шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдердің педагогикалық ізденістерінің бір қыры»

3. Кәсіптік бағдар беру жұмысының жүргізілуі жағдайы

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша мұғалімнің шеберлік және әдістемелік дайындық жағдайының деңгейін бақылау мақсатында жас мамандар апталығы «Білікті жас ұстаз» сайысы өткізілді. Осы іс-шараны талдау барысында ұстаздардың үлкен жауапкершілікпен қарағандығы жайлы тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Кенжесова және сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшісі Оспанова Қ.М- қызы сөз алды.

Жас маман Өтежан Санжар Мейрамұлының жұмыс барысында тәлімгерлік көмектен басқа арнайы әдістемелік, педагогикалық әдебиеттердің де көмегі молшылық екені тілге тиек етілді.

2 мәселе бойынша бірлестік жетекшісі Оспанова Қ.М- қызы оқу жылы барысында жас маман Өтежан С.М-ұлының сапалы білім беру мониторингісі жасалып, осы маманның өзара сабаққа қатысу жазбалары қаралды. Санжар информатика пәнінің мұғалімі болып еңбек етіп, үлкен жауапкершілікпен қарап жүргендігі жайлы айтылды.

3. Мәселе байланысты ТІМ Кенжесова Н.Қ-қызы бала, оқушы тәрбиесінде процесінде шығармашылықпен жұмыс жасап жүрген ұстаздардың бірі Жұмағұлова Айымгүл Мұсылманбекқызын атап өтті. Ұстаз баланы өзіне баурап алып, оқушыларымен талай іс-шараларды жоғары дәрежеде өткізе, орындата білетін білікті маман. Ұстаз оқушының, оқушы ұстаздың нендей күйде екенін және соған қол жеткізу барысын ешкімнің әрекетінсіз түсінеді десек артық емес сияқты деп қорытындылады.

4. Кәсіптік бағдар беру жұмысының жүргізілуі жағдайы мәселесі бойынша мектеп психологы Қайрбай Фариды Ж-қызы талдау жасады. Оқушыларымыздың болашағы мектеп қабырғасынан алыстаған соң ешкімді бей-жай қалдырмайды. Осы жұмыс барысында жыл бойы сынып жетекшілер, тәрбие ісінің меңгерушісі, мектеп психологы қоян-қолтық жұмыс жасай отырып, талай әңгімелер, диагностика, тест түрлерін жүргізді. «Әр сөйлемнің бір нүктесі болады» -деп Ғ. Мүсірепов ағамыз айтқандайын 9-сыныбымыздың 2 оқушысы да болашақта ұстаздық мамандыққа тоқталып отыр. Екі қызымыздың таңдаған жолдары өздеріне лайық деген қорытындыға келдік.

Сөйлеушілер:

Күн тәртібіндегі мәселелермен танысып өттік. Жыл басынан бастап өткізіліп жатқан іс-шараларға қатысып көріп жүрміз.

Шешім:

1. Жас маманмен жұмыстар өз жалғасын таба берсін.

2. Жас маман жұмысы жан-жақты сарапталуы жүргізілсін.

3. Шығармашылықпен жұмыс жасайтын ұстаздар қатары арта берсін.

4. Кәсіптік бағдар беру жұмысы әрі қарай жандансын

Мектепшілік сынып жетекшілер ӘБ әдістемелік отырысы

Хаттама №6 11.05.23ж

Күн тәртібінде:

1. Сынып портфолиосының жүргізілуі жағдайы.
2. Оқушылардың сыртқы келбеті мен мектеп формасының жағдайы.
3. Жазғы демалыс лагеріндегі оқушылардың өмір күйсіздігі

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі 1 мәселеде мектеп құжаттамасының жүргізілуі мәселесі бойынша тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Кенжесова сөз алды.

Білім министрлігіне жолдаған журналистік сауалда мектептерде кәсіптік бағдарлау қалай ұйымдастырылатынын сұрадық. Министрлік мәліметінше, мектеп психологы оқушылардың жеке қасиеттері мен мүдделерін зерделеп, еңімділіктерді. Қабілеттерді жәнәкәсіби ерекшеліктерін анықтап, сұранысқа ие мамандықтарды таныстырып, кәсіби тұрғыдан өзін-өзі анықтауға көмектеседі.

Республика бойынша оқушыларға кәсіптік бақар беру жұмысының. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы үйлестіреді. Олар балаларды ерте жастан мамандық таңдау бағытында бірқатар зерттеулер жүргізіп жатыр.

2. Оқушылардың сыртқы келбеті мен мектеп формасы жайлы айтылды. Биылғы 2022-23 оқу жылында тегіс ак кейде, кара юбка немесе шалбар кию талабы орындалды. Алдағы оқу жылында да бірыңғай мектеп формасының сақталуына қадағлау керек делінді.

3 мәселе бойынша мектеп тарапынан ұстаздарға оқушылардың жазғы демалыс уақытында өмір қауіпсіздігіне көңіл бөлу керектігін ескертті. Ол дегеніміз, яғни кешкі 11.00 ден кейін уйді тастап шығуға болмайтынын, басқа елді мекенге үлкен, ересек адамдарсыз жолға шықпауларын, суға түсу барысында белгілі жағалауда ғана шомылуларын, ағаш, орман ішінде жанғыш заттарды қолдануға бомайтындығы жайлы қатаң ескертілді. Осы жәйттердің барлығының қатаң сақталуы қажет.

Сөйлеушілер:

Күн тәртібіндегі мәселелермен танысып өттік. Жыл басынан бастап өткізіліп жатқан іс-шараларға қатысып көріп жүрміз.

Шешім:

1. «Сынып жетекшілерінің жұмысы және лауазымдық нұсқаулықтары орындалсын.
2. Өмір қауіпсіздігі ережелерін сақтау жұмыстарын тексеріліп, дене шынықтыру, үйірме сабақтары бойынша өмір қауіпсіздігі ережелерін сақталсын.
3. осы жылғы оқушылардың сырт келбеті, формасы жылдағыдай жалғасын тапсын.



Мектеп директоры *Бекітемін* Каирбай Б.Х

Сынып жетекшілер бірлестігінің жылдық жоспары

2022-2023 оқу жылы